

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1126 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.08. N 1201 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.12.08. N 1201 (қол қойылған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отыраған:

1) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Табиғатты қорғауды бақылау комитетінің төрағасына екі орынбасары болуға рұқсат етілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.27. N 134 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

29

қазандады

N

1126

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан

Республикасы

Қоршаған

ортаны

қорғау

министрлігінің

Табиғатты

қорғауды

бақылау

комитеті

туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласында мемлекеттік бақылау мен бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік орган болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеті экологиялық қауіпсіз ортаны құру болып табылады.

Комитеттің, оның құзыреті шегінде қабылданған шешімдері барлық мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар және ұйымдардың, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституациясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртаңбасы, белгіленген үлгідегі бланкілері болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитет, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитеттің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігін ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

5. Комитеттің толық атауы - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Табиғатты қорғауды бақылау комитеті.

6. Комитеттің құрылымы мен штат санын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Женіс даңғылы, 31.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитетке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Комитеттің негізгі функциялары

10. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды жүзеге асырады:

1) мемлекеттік саясатты іске асыру үшін бақылау саласындағы функциялар: мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан, шаруашылық

жүргізуші субъектілердің табиғат қорғау заңнамасын сақтау және орындау;
бақылау және құқық қолдану қызметі жүйесін жетілдіру әрі оның тиімді
өдістерін енгізу;

мынадай бөлікте қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар
саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

мемлекеттік кадастрларды жүргізу және табиғи ресурстарды есепке алу
кезінде экологиялық талаптарды сақтау;

атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды, ластандудың
тұрақты және жылжымалы көздерінен шығарындылардың нормаларын,
атмосфераны жасанды өзгерту жөніндегі іс-қимылды жүргізу кезіндегі
шектеулерді орындау;

өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа да
химиялық әрі биологиялық заттарды, сондай-ақ өнеркәсіптік, тұрмыстық және
өзге де қалдықтарды шығару, қолдану, сақтау, тасымалдау, кәдеге жарату,
заарсыздандыру және көму жөніндегі белгіленген нормалар мен ережелерді
сақтау;

кәсіпорындар мен ведомстволардың талдау қызметтерінің өндірістік
экологиялық бағдарламаларды орындау;

жануарлар және өсімдіктер әлемін қорғау, молықтыру және пайдалану
саласындағы экологиялық талаптарды сақтау, сондай-ақ мемлекеттік
табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау;

жердің жай-күйіне теріс ететін шаруашылық және өзге де қызметке
қойылатын экологиялық талаптарды сақтау;

тозған жерлерді қайта құнарландыруды, олардың құнарлылығын және жердің
басқа пайдалы қасиеттерін қалпына келтіруді және оны уақтылы шаруашылық
айналымға тартуды қамтамасыз ету;

жердің тозуымен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде топырақтың
құнарлы қабатын алуды, сақтауды және пайдалануды;

жаңа және қайта жаңартылатын үйлерді, құрылыштарды, ғимараттарды және
басқа да объектілерді орналастыру және пайдалануға беру кезінде экологиялық
талаптарды қамтамасыз ету;

пайдалы қазбалардың өнеркәсіптік қорларын немесе басқа да бұзатын
процестер мен жұмыстарды әзірлеу көлеміне қарай босатылатын жерді нысаналы
мақсатына сәйкес оларды одан әрі пайдалану үшін жарамды жай-күйге келтіру;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдалану, сақтау, тасымалдау,
орналастыру, сондай-ақ улы материалдарды, заттарды, оның ішінде биологиялық
, қауіпті қалдықтарды және химияландыру заттарын тасымалдау кезіндегі
экологиялық талаптарды орындау;

зиянды (ластаушы) заттардың шығарындыларына, төгінділеріне арналған

рұқсаттарда белгіленген шарттарды орындау және өндіріс әрі тұтыну
қалдықтарын орналастыру;

зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларының, төгінділерінің тұракты
көздері бар әрі өндіріс және тұтыну қалдықтарын құрайтын объектілердің
санитарлық-қорғау аймақтарының режимін сақтау;

су пайдалану және су бұру лимиттері (нормалары) мен ережелерін, сондай-ақ
су пайдалану режимін, сарқынды суларды төгудің тәртібін және шарттарын
сақтау;

суды ұтымды пайдалану және ластанудан, қоқыстанудан және тартылудан
корғау жөніндегі экологиялық талаптарды сақтау;

жер қойнауын қорғау жөніндегі заңнамада белгіленген талаптарды, ережелер
мен нормаларды сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша жер
қойнауын пайдаланудың барлық деңгейіндегі келісім-шарттық талаптарды
орындау;

жер қойнауын пайдалану объектілерін жою және консервациялау жөніндегі
ережелерді сақтау;

жер қойнауын барлау және өндіру, сондай-ақ өндірумен байланысты емес
жер асты құрылыштарын салу және пайдалану кезінде қауіпті техногендік
процестердің пайда болуынан қорғайтын экологиялық талаптар мен
нормативтерге сәйкес жер қойнауын пайдалану;

минералдық шикізаттарды өндіру және қайта өңдеу кезінде қоршаған ортаны
корғау мәселелері бойынша жобалық шешімдерді сақтау;

жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде, әсіресе,
мұнайды, газды немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтау,
зиянды заттар мен қалдықтарды көму, сарқынды суларды төгу кезінде жер
қойнауы ластануының алдын алу;

қоршаған орта объектілерінің радиоактивті заттармен ластануының алдын
алу жөніндегі жобалық шешімдерді және рұқсаттардың қолданылу шарттарын
орындау;

қоршаған ортаға радионуклидтерді шығару мен төгу алдындағы тазарту
құрылғылары жұмысының технологиялық регламенттерін сақтау;

су жинау алабында және жер асты сулары жиналатын жерлерде олардың
жинақталуының алдын алу мақсатында өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды
қоймаға қою және орналастыру кезіндегі экологиялық талаптарды қамтамасыз
ету;

2) мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ететін, функциялары
мынапар:

қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік бақылау
функцияларын жүзеге асыратын орталық және жергілікті атқарушы органдардың

қ ы з м е т і н

ү й л е с т і р у ;

қоршаған органдардың заңнамалы сақтау мәселелері жөніндегі
коғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

бақылау-қадағалау және құқық қолдану қызметінің нәтижелерін бағалауды
қ а м т а м а с ы з е т у ;

бірыңғай ғылыми-әдістемелік негізде қоршаған органдардың заңнамалы сақтау мәселелері жөніндегі
талдау зертханаларының жұмысын жүзеге асыру.

3. Құқықтары

11. Комитет өз құзыretі шегінде:

1) министрліктен, ведомстволардан және өзге де орталық және жергілікті
атқарушы органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан, сондай-ақ лауазымды
тұлғалардан Қазақстан Республикасында қоршаған органдардың заңнамасын
пайдалануды басқару мәселелері бойынша, сондай-ақ олардың табиғат қорғау
заңнамасы талаптарын сақтау мәселелері бойынша қажетті ақпаратты алуға;

2) өз құзыretі шегінде табиғат қорғау заңнамасын бұзушыларды әкімшілік
жауапкершілікке тарту жөніндегі шараларды қабылдауға, әкімшілік құқық
бұзушылық туралы істерді қарастыруға;

3) сот органдарына кәсіпорындардың, құрылыштар мен объектілердің
жұмысын шектеу мен тоқтата тұру, оларды пайдалануға беруге тыйым салу,
экологиялық талаптарды бұза отырып жүзеге асырылатын шаруашылық және
өзге де қызметті шектеу немесе тоқтата тұру туралы өтініштер енгізуге не осы
қызметті тоқтату туралы ұсыныстар шығаруға;

4) табиғат қорғау заңнамасы талаптарының бұзылуы туралы істер бойынша
сот тергеулерінде қуыну талаптарын қоюға және талапкер болуға;

5) жануарлар мен өсімдіктер әлемін пайдаланушылардың экологиялық
талаптар мен заңнаманың нормалары бұзылатын немесе жануарлар мен
өсімдіктер әлемінің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген
объектілердің жойылуына әрі санының қысқаруына, олардың мекен ету және өсу
ортасының, палеобиологиялық қалдықтар орналасқан жерлердің бұзылуына әкеп
соқтыруы мүмкін қызметтің тоқтата тұруға немесе қызметтіне тыйым салу туралы
ұ с и н ы с е н г і з у г е ;

6) табиғи ресурстарды пайдалануға арналған лицензияларда белгіленген
шарттардың сақталуын және қоршаған органдардың заңнамалы сақтау мәселелерін
жекелеген түрлерінің жүзеге асырылуын, табиғат пайдалануға арналған
шарттардың (келісім-шарттардың) және рұқсаттардың орындалуын тексеруге,
олардың күшін жою туралы ұсыныстар енгізуға;

7) бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру мақсатында меншік
және бағыныстылық нысанына қарамастан, ұйымдар мен басқа да объектілерге (
оның ішінде белгіленген тәртіппен әскери және қорғаныс объектілеріне)

кедергісіз кіруге (қызметтік күәліктерді көрсеткен кезде);

8) тиісті қаржы-кредит ұйымдарына экологиялық талаптарды бұза отырып немесе мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысының жүзеге асырылатын объектілерді салуды және пайдалануды, шаруашылық және өзге қызметті қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқамаларды енгізуге;

9) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар саласындағы нормативтік-құқықтық және нормативтік-әдістемелік құжаттарды әзірлеу мен жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

10) қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстар мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары мен болжамдарының жобаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

11) өз құзыреті шегінде халықаралық экологиялық ұйымдармен, шетелдік заңды тұлғалармен өзара іс-қимылды ұйымдастыруға және жүзеге асуруға, Қазақстан Республикасы қабылдаған келісімдер мен конвенцияларды, экологиялық бағдарламалар мен жобаларды орындау жөніндегі мемлекетаралық ынтымақтастыққа қатысуға құқылы.

4. Жұмысты ұйымдастыру

12. Комитетті Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастырылған және қызметтен босататын бір уақытта Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы болып табылатын төраға басқарады.

Комитет төрағасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі қызметтерге тағайындастырылған және қызметтерден босататын Комитет төрағасының орынбасарлары болады.

Комитет төрағасы орынбасарларының санын Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

13. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасауды жүзеге асурады әрі Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларын оның жүзеге асуруына дербес жауап береді.

14. Комитет төрағасы осы мақсатта:

1) өз орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілігін айқындаиды;

2) Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлерін қызметтерге тағайындауды және қызметтерден босатады, сондай-ақ аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдары басшыларының келісімі бойынша бір уақытта экологиялық инспекциялардың басшылары - облыстардың, Астана және Алматы қалаларының бас мемлекеттік инспекторлары болып табылатын аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармалары бастықтарының орынбасарларын

қызметтерге тағайындау және қызметтерден босату туралы Қоршаған ортаны қорғау министріне ұсыныс енгізеді, заңнамада белгіленген тәртіппен оларға тәртіптік жаза қолданады;

3) өз құзыretі шегінде бұйрықтар шығарады, аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармалары құрамындағы экологиялық инспекциялар туралы ережелерді және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

4) өз құзыretі шегінде Комитетті қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіреді;

5) Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министріне құрылымдық бөлімшелерді құру және тарату туралы ұсыныстар енгізеді;

6) оның құзыretіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Комитет қабылдайтын шешімдер Комитет төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

15. Комитеттің төрағасы болмаған кезде оның функцияларын орынбасарларының бірі атқарады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.27. N 134 қаулысымен.

5. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату

16. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметтің ініц

2004 жылғы 29 қазанды

N 1126 қаулысымен

бекітілген

Қоршаған Табиғатты	Табиғатты	Қазақстан ортаны қорғауды	Республикасы министрлігі комитетінің
құрылымы		бақылау	

Басшылық

Қоршаған ортаның жай-күйін бақылау басқармасы
Бақылау қызметін бағалау және жоспарлау басқармасы

Ескерту. Құрылым жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.06.22. N 571 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК